



**"Алматы облыстық қазынашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 тамыз N 1114

Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы облысының әкімшілік орталығын көшіру туралы" 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 U010585\_ Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы облыстық қазынашылық басқармасы" мемлекеттік мекемесі оған

"Талдықорған қалалық қазынашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесін қосу жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 6 мамырдағы N 534

P990534\_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 17, 179-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулыға қосымшада:

реттік нөмірі 50-жол алынып тасталсын.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы қаулыны іске асыру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК